

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы
Жылдың соңы

Баланың аты –жөні:Тюлобаева Аяна

Туған жылы: 08.06.2021 жыл

Топ: «Ертөстік»

Мақсаты: Баланың психикалық дамуын анықтау, танымдық процестерінің, сөйлеу тілінің, эмоциялық-ерік аймағының және әлеуметтік қарым-қатынасының даму динамикасын бағалау.

№	Қолданылған әдістемелер	Нәтижелер
1	<p>Зейін мен қабылдау Мақсаты:Зейінтұрақтылығын, қабылдаудәлдігінанықтау.</p> <p>-«Артықсуретті тап» -«Түстер мен пішіндердісәйкестендір» -«Лабиринт», «Сызықтардықос»</p>	<p>Қарапайымтапсырмаларды қызығушылықпенорындайды. Зейініқысқауақытқажеткілікті, Бірақұзақ тапсырмаларда тез жалығады. Нұсқауды түсінеді, бірақ бір тапсырманы 2-3 рет қайталап айту керек. Тапсырма орындау барысында ойы басқа көрнекіліктерде болады.</p>
2	<p>Ойлаужәнеестесактау Мақсаты:Логикалықойлау мен естесактаукабілетінанықтау. «Жұбын тап» «Не өзгерді?» «5–6 суреттіестесакта»</p>	<p>Жұбын тапты Өзгерістерге көп мән бермеді. Төрт суретті есте сақтады</p>
3	<p>Сөйлеудамуы Мақсаты:Сөздіққорын, байланыстырыпсөйлеуінанықтау.</p> <p>«Сурет бойыншаәңгіме» «Кім не істепжатыр?» Қарама-қарсыұғымдар</p>	<p>Сөйлеу белсенділігі орташа Төмен, сөздерді анық айтпайды. Жеке сөздер мен қысқа сөйлемдер қолданады. Сұраққа қысқаша жауап береді. Қарама -қарсы ұғымдарды ажырата алады.</p>
4	<p>Ұсақ моторика және ерік эмоция. Мақсаты:Қолжәнесаусақ кимылдарыныңдамуынанықтау. Моншактізу Қаламменсызықсызу Саусақойындары «Смайлик таңда» «Қуанышты, ренжіген бала» суреттері</p>	<p>Ұсақ моторикасы жеткілікті деңгейде, бірақ ұзақ отыруды қажет ететін тапсырмаларда шыдамдығы төмен. Зейіні басқа көрнекіліктерге аударады. Эмоция жағдайы тез ашуланады, тез кайтады. Негізгі эмоцияларды таниды, Және мимика арқылы көрсете алады.</p>

Дамудеңгейі

Зейін және қабылдау орташа деңгейде

Аяна қарапайым тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды. Зейіні қысқа уақытар алығанда жеткілікті болғанымен, ұзақ тапсырмалар барысында тез жалығып, басқа көрнекіліктерге алаңдайды. Нұсқауларды түсінеді, алайда

тапсырманы орындау үшін кейде бірнеше рет қайталап түсіндіру қажет. Қабылдау дәлдігі жас ерекшелігіне сай қалыптасу үстінде.

Ойлау және есте сақтау орташа деңгейде

Логикалық тапсырмаларды орындау барысында заттардың жұбын дұрыс табады. Өзгерістерді байқау тапсырмасында зейіннің тұрақтылығы жеткіліксіз болғандықтан, өзгерістерге толық назар аудармайды. Ұсынылған суреттердің басым бөлігін есте сақтап, 4 суретті дұрыс қайталады. Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті қалыптасқан.

3. Сөйлеу дамуы

Даму деңгейі: орташа деңгейден төмен

Сөйлеу белсенділігі төмендеу байқалады. Сөздерді анық айтуда қиындықтар кездеседі. Көбінесе жеке сөздер мен қысқа сөйлемдерді қолданады.

Сұрақтарға қысқаша жауап береді. Қарама-қарсы ұғымдарды ажырата алады, бұл ойлау қабілетінің сақталғанын көрсетеді. Байланыстырып сөйлеу және сөздік қорын дамыту қажет.

Ұсақ моторика және эмоциялық-ерік саласы орташа деңгейде

Моншақ тізу, сызық сызу және саусақ жаттығуларын орындай алады. Қол және саусақ қимылдарының дамуы жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Алайда ұзақ уақыт зейін мен шыдамдылықты қажет ететін тапсырмаларда қызығушылығы төмендеп, басқа заттарға назар аударады. Эмоциялық жағдайы тұрақсыздау: тез ашулануы мүмкін, бірақ көңіл күйі тез қалпына келеді. Негізгі эмоцияларды таниды және мимика арқылы көрсете алады.

Ұсыныстар

-Зейін тұрақтылығын дамыту үшін «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап», «Қатесін тап» ойындарын жүйелі түрде ұйымдастыру.

-Тапсырмаларды қысқа уақыттан бастап, біртіндеп ұзарту арқылы төзімділігін қалыптастыру.

-Нұсқауларды біртіндеп өздігінен орындауға үйрету, тапсырма алгоритмін көзбен көрсету.

-Сөздік қорын молайту үшін сурет бойынша әңгіме құрату, ертегі мазмұнын айтқызу, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге ынталандыру.

-Дыбыстарды анық айтуға бағытталған артикуляциялық жаттығуларды жүйелі жүргізу.

-Ұсақ моториканы дамыту үшін ермексаз, құрастыру ойындары, мозаика, саусақ ойындарын қолдану.

-Эмоцияларды басқаруға үйрету мақсатында көңіл-күй карталары, жағдаяттық ойындар өткізу.

-Баланың жетістіктерін жиі мадақтап, тапсырманы соңына дейін орындауға ынталандыру.

-Құрдастарымен бірлескен ойындарға қатыстыру арқылы қарым-қатынас және өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту.

Қорытынды

Аянаның танымдық процестердің негізгі компоненттері қалыптасқан.

Логикалық ойлау, есте сақтау және қарапайым қабылдау дағдылары жас ерекшелігіне сәйкес дамуда. Дегенмен зейін тұрақтылығы, байланыстырып

сөйлеу, дыбыстарды анық айту және эмоцияларды реттеу бағыттарында қосымша дамыту жұмыстары қажет. Жалпы даму деңгейі орташа деңгейде, ал сөйлеу дамуы қосымша қолдауды қажет етеді.

Зерттелген күні 30.04. 2026жыл.

Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна